Тексерілді:

Бекітемін
Мейрамгүл К.
31.08.2021.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР бойынша «Аққу» ерте жас перспективалық жоспары**

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
## Ерте жас тобы 2021 жыл қыркүйек айы
## Өтпелі тақырып «Балабақша»

| Апталык тақырып | | | **Таным- 1**<br>Сенсорика-0,5<br>Жаратылыстану-0.5 | **Шығармашылық- 2**<br>Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5<br>Музыка – 1,0 |
|---|---|---|---|---|
| **Менің балабақшам**<br>**1-апта** | | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: « Менің тобым»**<br>**Мақсаты:** Ересектердің сөзін мұқият тыңдап(ойын бөлме, жатын бөлме,шешінетін бөлме,әжетхана) ажырата алады. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**<br>«Ойыншық машина» (ойын)<br>**Мақсаты:** Ойыншық машинаны жібінен тарта отырып,дыбысын айта алады. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Қағазбен және бояумен таныстыру»<br>**Мақсаты:**Саусақпен сурет салуға қызығушылығын ояту, қағазбен және бояумен таныстыру. Саусақты бояуға батырып қағазда ізін қалдыра алады.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:**«Біздің балабақшамыз»(Т.Молдағалиев,Н.Тілендиев).<br>**Мақсаты: м**узыка ырғағымен жүре білу, әннің әуені мен сөздерін тыңдауға үйрету. Музыкаға деген сүйіспеншілігін ояту.<br>Ән тыңдау:«Балбөбектер әні» (С.Кәрімбаев).<br>Музыкалық-ырғақты қимыл:<br>ойын «Балақан да алақан»<br>(Ә.Ысқақов, Ө.Байділдаев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Менің достарым» 2-апта** | | | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**Құстар біздің досымыз.Торғай.<br>**Мақсаты**: Балалар ойын арқылы торғайдың қасиетін түсінеді. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы**:«Досыма арналған моншақ »<br>**Мақсаты:**Алақанға салып тік және дөңгелек етіп есуді, моншақтың мүсінін жасауды біледі.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:**«Біздің балабақшамыз»(Т.Молдағалиев, Н.Тілендиев)<br>**Мақсаты: м**узыка ырғағымен жүре білу, әннің әуені мен сөздерін тыңдау және оларды тану дағдысын қалыптастыру. Музыкаға деген сүйіспеншілігін ояту.<br>Ән тыңдау:«Балбөбектер әні» (С.Кәрімбаев)<br>Музыкалық-ырғақты қимыл:<br>ойын «Балақан да алақан»<br>(Ә.Ысқақов, Ө.Байділдаев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Менің сүйікті ойыншықтарым» 3-апта** | | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Қуыршақ**<br>**Мақсаты:**Балаларды ойыншықпен таныстыру.Қуыршақтыңкөзін,<br>қолын,аяғын көрсетіп атын атай алады | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**<br>«Біздің топтың ойыншықтары»(үстел- үсті ойыны)<br>**Мақсаты:**<br>Біртекті заттарды ортақ белгісі, пішіні бойынша топтастыра алады. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Әдемі доп»<br>**Мақсаты:**Саусақты бояуға батырып доптың суретін сала алады.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Қуыршағым» (Ғ.Дауылбаева)<br>**Мақсаты:** әндегі жоғары және төмен дыбыстарды тыңдауға, музыкалық шығармаларға эмоционалды үн қатуды үйрету<br>Ән тыңдау:«Әлди,әлди, бөпем-ай» (Г.Аманжол, Б.Аманжол)<br>Музыкалық-ырғақты қимыл:<br>ойын «Қуыршағым-ай» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Жиһаздар» 4-апта** | **Денешынықтыру**<br>**1.Тақырыбы**:«Жолымыздан қалмаймыз,<br>біз барлығын жеңеміз»<br>**Мақсаты:** Допты алға домалатады. Белгіленген жерге дейін еңбектейді.(б | **Көркем әдебиетТақырыбы:**«Қуыр шақтың бөлмесі»**Мақсаты:**Өз тобындағы жиһаздардың атауларын дұрыс айта алады. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**«Орындық»<br>**Мақсаты:**<br>Күнделікті қолданыста жүрген заттардың атын атап,ажыратады. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**«Сөреге қоятын тәрелке»<br>**Мақсаты**: Жалпақ пішіндерді мүсіндей біледі.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Қуыршағым» (Ғ.Дауылбаева)<br>**Мақсаты:** әндегі жоғары және төмен дыбыстарды тыңдау дағдысын бекіту.Музыкалық шығармаға эмоционалды үн қатуды дағдыландыру.<br>Ән тыңдау: «Әлди,әлди, бөпем-ай» (Г.Аманжол, Б.Аманжол)<br>Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Қуыршағым-ай» |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**Ерте жас тобы 2021 жыл Қазан айы**
**Өтпелі тақырып «Менің отбасым»**

| **Апталық тақырып** | **«Денсаулық»-3** | **Қатынас-1**<br>Сөйлеуді дамыту-0,5<br>Көркем әдебиет -0,5 | **Таным- 1**<br>Сенсорика-0,5<br>Жаратылыстану-0.5 | **Шығармашылық- 2**<br>Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5<br>музыка – 1,0 |
|---|---|---|---|---|
| **«Менің отбасым,ата-аналар еңбегі»**<br>**1-апта** | **Денешынықтыру**<br>**1.Тақырыбы.** «Көгалда серуендейміз» **Мақсаты:**Гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) ересектердің көмегімен жүре алады.<br>**2.Тақырыбы:**«Көгалда серуендейміз» **Мақсаты:**Гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) ересектердің көмегімен жүре алады. (бекіту)<br>**3. Тақырыбы:**«Бақшада»**Мақсаты:**Құрсаудан еңбектеп өте алады. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**«Ата –анам және мен»<br>**Мақсаты:** Ана, әке, ата, әже сөздерін қайталап айтады. Отбасы мүшелерін ажыратып таниды. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**<br>« Моншақ тізбектейміз»(дидактикалық ойын)<br>**Мақсаты:** Үлкен, кіші моншақтарды ажыратады,тізбектей алады.<br>М.Монтессори технологиясы | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жаңбыр тамшылары»<br>**Мақсаты:** Қағаз бетіне карандашпен жаңбыр тамшыларын сала алады.<br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Әже» (М.Әубәкіров, С.Қалиев)<br>**Мақсаты: о**тбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Әнді тыңдап, әуенге байланысты қимыл жасай білуге үйрету.<br>Ән тыңдау: «Апатайым» (Б.Жұмабекова)<br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Менің көшем»<br>2-апта** | **Денешынықтыру**<br>**1. Тақырыбы:**«Бақшада»**Мақсаты:**Допты екі қолмен лақтыра алады.<br>**2. Тақырыбы**:«Біз топта қыдырамыз» **Мақсаты**: Орындық астынан еңбектеп өтеді.<br>**3. Тақырыбы**:«Біз топта қыдырамыз»**Мақсаты:**Еденде жатқан арқанан аттап өте алады. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «**Көліктерді ажырат»дидактикалық ойын (мәшине,жедел жәрдем ойыншықтары**)**<br>**Мақсаты:** Мәшина ,жедел жәрдем көліктерін ажырата алады. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**Менің мәшинем» (суреттермен ойын тапсырма)<br>**Мақсаты**:Суреттегі көліктердітаниды және ажырата алады. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Қоянға сәбіз береміз»<br>**Мақсаты**: Ермексаздан сопақша пішін жасай алады.<br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Әже» (М.Әубәкіров, С.Қалиев)<br>**Мақсаты: о**тбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Әнді тыңдап, әуенге байланысты қимыл жасау дағдысын жетілдіру<br>Ән тыңдау: «Апатайым» (Б.Жұмабекова)<br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» 3-апта | **Денешынықтыру**<br>**1.Тақырыбы:** Орманға саяхат**Мақсаты:**Допты төменге лақтыру, құрсаудан еңбектеп өте алады.<br>**2.Тақырыбы:**«Таулармен, алқаптармен.» **Мақсаты**.Қол ұстасып бірінің соңынан бірі жүре алады.<br>**3.Тақырыбы:** Көгалдағы қояндар **Мақсаты.**Екі қатарға қойылған (ұзындығы 3 м, арасы 30-40 см алшақ) кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүре алады.<br>"Қояндарша" секіреді. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Біздің үй»<br>**Мақсаты:**Үй жиһаздарын тәрбиешімен бірге қайталай алады. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі-түсті сақиналары»<br>**Мақсаты:** Сақиналарды таяқшаларға орналастыра алады.<br>М.Монтессори технологиясы | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** **«**Мәшине дөңгелектері»<br>**Мақсаты:** Ересектердің көмегімен балаларқағаз бетіне дөңгелек сызықтар сала алады.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Екеуміз әйбат баламыз» (И.Нүсіпбаев, О.Әубәкіров)<br>**Мақсаты**: мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдай білуді үйрету, оларды сәйкесінше қимылдарды көрсете білуге қалыптастыру<br>Ән тыңдау: «Күз жомарт» (Е.Өтетілеуов, Д.Ботбаев).<br>Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Балақан да алақан» (Ә.Ысқақов,Ө.Байділдаев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Алтын күз» 4-апта | **Денешынықтыру**<br>**1. Тақырыбы:**Көгалдағы қояндар**Мақсаты:**Арқанның астынан еңбектеп өте алады.<br>**2. Тақырыбы:**«Күз келеді» **Мақсаты.**Жіптен ұстасып,шеңбер бойымен жүреді.Белгіленген жерге дейін еңбектей алады. (2-3 м)<br>**3.Тақырыбы:**«Бақшада»**Мақсаты:**Допты төменнен екі қолмен лақтыра алады. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Шалқан ертегісі» (үстел-үсті театры)<br>**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерін ажыратады.Кейіпкерлердің аттарын қайталап айта алады. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>«Сары жапырақтар» (балабақша ауласына саяхат)<br>**Мақсаты:** Ағаштардың жапырақтарының сары түске боялғанын біледі. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>« Кірпіге арналған алма»<br>**Мақсаты :**<br>Домалақтау,созу тәсілімен алманы мүсіндей алады.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Екеуміз әйбат баламыз» (И.Нүсіпбаев, О.Әубәкіров)<br>**Мақсаты**: мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдай білуді, оларды сәйкесінше қимылдармен көрсете білуді бекіту<br>Ән тыңдау: «Күз жомарт» (Е.Өтетілеуов, Д.Ботбаев)<br>Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Балақан да алақан» (Ә.Ысқақов,Ө.Байділдаев) |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**Ерте жас тобы 2021жыл Қараша айы**
**Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»**

| **Апталық тақырып** | **«Денсаулық»-3** | **Қатынас-1**<br>Сөйлеуді дамыту-0,5<br>Көркем әдебиет -0,5 | **Таным- 1**<br>Сенсорика-0,5<br>Жаратылыстану-0.5 | **Шығармашылық- 2**<br>Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5<br>музыка – 1,0 |
|---|---|---|---|---|
| **«Өзім туралы»**<br>**1-апта** | **Денешынықтыру**<br>**1.Тақырыбы:**«Күзгі орман»**Мақсаты**:Допты алысқа лақтыра алады.<br>**2.Тақырыбы:**Егінді жинаймыз»**Мақсаты:**Қол ұстасып шеңбер бойымен жүре алады.<br>**3.Тақырыбы:** «Татумыз біз ,бәріміз».<br>**Мақсаты:**Үстелдің астынан төрт тағандап еңбектей алады. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Бұл мен!» (баламен сөйлесу)<br>**Мақсаты:** Өзінің дене мүшелерін ажыратып, атай алады.(бас,көз,құлақ,қол-аяқ). | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:** «Тұғырдағы сақиналар»( үстел-үсті ойыны)<br>**Мақсаты:** Екі-үш сақинадан тұратын пирамидаға сақиналарды белгілі бір іздiлікпен жинастыра алады.<br>М.Монтессори технологиясы | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Менің алақаным»<br>**Мақсаты:**<br>Қағаз бетіне бояу жағылған алақанды басу арқылы бейнелей алады.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Мен алманы жақсы көремін» (Д.Қиқымов)<br>**Мақсаты:** Ән салуға, музыкалық ырғақты қимылдарды орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру<br>**Ән тыңдау**: «Күз келгенде» (Ж.Қалжанова)<br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Бәріміз бірге» (А.Айтуова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер» 2-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** «Татумыз біз ,бәріміз».<br>**Мақсаты:**Төрттағандап түзу бағытта еңбектей алады.<br><br>**2.Тақырыбы:**«Сарғыш тартып жапырақ»<br>**Мақсаты:** Шағын топпен топтасып жүреді.“Жемістерді досыңа бер” ойын жаттығуы.<br><br>**2.Тақырыбы:**«Орманға серуен»**Мақсаты:**Құрсаудан еңбектеп өте алады. | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:** «Қуыршақ Сәулені тамақтандырамыз» (дидактикалық ойын)<br><br>**Мақсаты:** Қуыршақты тамақтандыру тәсілдерімен танысады.Ыдыстардың аттарын атай алады. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жемістерді танимыз» (дидактикалық ойын)<br>**Мақсаты**: Жемістер жайлы біледі, оларды суреттерде және шынайы таниды. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Шиелер»<br>**Мақсаты**: Ермексазды алақан арасына салып шиені домалатуды біледі.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Мен алманы жақсы көремін» (Д.Қиқымов)<br><br>**Мақсаты:** Ән салу, музыкалық ырғақты қимылдарды қайталау дағдыларын бекіту<br><br>**Ән тыңдау**: «Күз келгенде» (Ж.Қалжанова)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Бәріміз бірге» (А.Айтуова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Өзіңе және өзгелерге көмектес» 3-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** Біз ер жүрек баламыз»<br>**Мақсаты:**Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүре алады.<br><br>**2. Тақырыбы:**Күзгі шабындық»<br>**Мақаты**:Допты лақтыруды және еңбектеуді біледі.<br><br>**3. Тақырыбы**: «Көңілді доп»<br>**Мақсаты**:Отырып допты қос қолмен домалата алады. | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** «Қуыршаққа киінуге көмектес» (дидактикалық ойын )<br><br>**Мақсаты:**Ересектердің көмегімен киімдерді киюдің реттілігін сақтай біледі. Киім аттарын қайталап айта алады. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**<br>«Мұнаралар жасаймыз» (үстел-үсті ойыны)<br>**Мақсаты**: Тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны жинастыра алады. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Қонжыққа арналған жидек»<br>**Мақсаты :** Бояу жағылған саусақтың көмегімен қағаз бетіне жидек бейнесін сала алады.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Біз бақытты баламыз» (Р.Тышқанбаев)<br><br>**Мақсаты:** көңілді әуендерді тыңдай білуге, дыбысқа еліктеулерді қайталай білуге үйрету<br><br>Ән тыңдау: «Күз жомарт»<br><br>(Е.Өтетілеуов, Д.Ботбаев)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл:<br><br>ойын «Жемістер мен көкөністер» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Біз күштіміз, ептіміз!»**<br>**4-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1. Тақырыбы:**.«Біз көңілді балалар»<br>**Мақсаты:** Доптарды себетке салуды біледі.<br><br>**2.Тақырыбы:**«Ойнағанды жақсы көреміз».<br>**Мақсаты:**Таяқшалардан аттап өте алады.<br>**2. Тақырыбы:**«Көңілді бірге жүру».<br>**Мақсаты**.Еденде жатқан бөренеден асып түсе алады. | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:**<br>«Бала,бала,баламыз»Е. Өтетілеуұлы<br><br>**Мақсаты:** Қысқа, қарапайым тақпақтарды тыңдайды,мағанасына қарай қимыл- қозғалыстар жасай алады. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>«Үй жануарлары.»<br>**Мақсаты:**<br>жануарлардың ерекшеліктерін, іс-қимылдарын, белгілерін ажыратады және атайды. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Көңілді доп»<br>**Мақсаты:** Ермексазды алақан арасында домалата алады.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Біз бақытты баламыз» (Р.Тышқанбаев)<br><br>**Мақсаты:** көңілді әуендерді тыңдап, дыбысқа еліктеулерді қайталай дағдыларын бекіту<br><br>Ән тыңдау: «Күз жомарт»<br><br>(Е.Өтетілеуов, Д.Ботбаев)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл:ойын<br><br>«Жемістер мен көкөністер» |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**Ерте жас тобы 2021 жыл желтоқсан айы**
**Өтпелі тақырып «Қызықты қыс мезгілі!»**

| **Апталық тақырып** | **«Денсаулық»-3** | **Қатынас-1**<br>Сөйлеуді дамыту-0,5<br>Көркем әдебиет -0,5 | **Таным- 1**<br>Сенсорика-0,5<br>Жаратылыстану-0.5 | **Шығармашылық- 2**<br>Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5<br>музыка – 1,0 |
|---|---|---|---|---|
| **«Алақай,қыс келді.»**<br>**1-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1. Тақырыбы:** «Біз спортшылар»<br>**Мақсаты** :Допты алға домалатады және оны қуып жетеді.<br>**2.Тақырыбы**: «Бір, екі, үш, жинап алып күш»<br>**Мақсаты:**Құрсаудан еңбектеп өте алады.<br><br>**3.Тақырыбы: «** Біз ойнаймыз»<br><br>**Мақсаты:** Құм салынған қапшықты (50 см арақашықтық шеңберге лақтыра алады. | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы**: «Аққала»<br><br>**Мақсаты:**Аққаланың дене бөліктерін атай алады. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:** «Бізге шырша қонаққа келді»<br>**Мақсаты:**Бір түсті кір қысқышты орналастыра отырып (прищепки) шыршаны безендіре алады. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Қар жауып тұр»<br>**Мақсаты:**<br>Көк түсті қағазға нүктелі дақтар салуды біледі.<br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Қыс» (К. Қуатбаев, К.Шалқаров)<br><br>**Мақсаты:** Аудио-бейне таспадан ән тыңдау, ән тыңдата отырып ойындар ойнату<br><br>Ән тыңдау: «Аяз-ата» (Ж. Қалжанова)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Көңілді ырғақ» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Көңілді қарлар» 2-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** «Қызық доп»<br>**Мақсаты:**Кубиктер арасымен жүре алады.<br><br>**2.Тақырыбы**:«Қызықты шытырман»<br>**Мақсаты:**Допты алға домалатады, қуып жете алады<br><br>**3.Тақырыбы**: «Тату балалар»<br>**Мақсаты:**Лақтырылған допты жүгіріп алып келеді.<br>«Доппен бірге секіреміз» ойын жаттығуы» | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы: «**Жапалақ қар»Қадыр Мырза Әли<br><br>**Мақсаты:** Қармен таныстыру. Қар еріп, суға айналатынын біледі. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Ғажайып қыс» **(**бақылау)<br>**Мақсаты:**Табиғат құбылыстарын бақылайды.Қыс мезглін ажырата алады. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>« Қар кесектері»<br>**Мақсаты:**<br>Үлкен-кіші сазбалшықты алақан арасына салып, домалату арқылы қар кесегін мүсіндей алады.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Қыс» (К. Қуатбаев, К.Шалқаров)<br><br>**Мақсаты: а**удио-бейне таспадан ән тыңдай отырып, ойындар ойнату. Ырғақты қимылдар жасату<br><br>Ән тыңдау: «Аяз-ата» (Ж. Қалжанова)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Көңілді ырғақ» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Ойын-сауықтар» 3-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** «Орманға саяхат» **Мақсаты:**Аңдардың қимыл-қозғалыстарын сала алады.<br><br>**2.Тақырыбы:** «Шеңбер жасап жүрейік» **Мақсаты**:Алаңның бір шеті мен екінші шетіне қол ұстасып жүгіре алады.<br><br>**3.Тақырыбы:**«Ақтабанмен ойнаймыз»**Мақсаты**:Биіктігі 30-40 см жіптің астынан еңбектеп өтеді. | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** «Аяз атамен бірге» (ойын жаттығу)<br><br>Мақсаты:«Бұл не?» (ойыншық аңдар) сұрағына жауап бере алады,сөздерді қайталайды. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**<br>«Ғажайып дыбыстар»<br>**Мақсаты:**Естуді дамыту үшін түрлі дыбыс шығаратын заттармен (қоңыраулар,аспалы металл таяқшалар, шиқылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтармен) танысады.<br>**М.Монтессори технологиясы** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Мерекелік отшашу»<br>**Мақсаты:**<br>Қағаз бетін карандашпен сызықтар түсіре алады.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Жаңа жылдық хор» (А.Досмағамбетова)<br><br>**Мақсаты:** Көңілді әндерді тыңдату арқылы әндегі жекелеген сөздерді айтуға баулу<br><br>Ән тыңдау: «Ақшақар» (К.Қуатбаев, Қ. Ыдырысов)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын<br><br>«Көңілді шыршалар» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Жасыл шырша жанында» 4-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** «Қонжық қайда тұрады?**Мақсаты:**Қатар қойылған екі арқанның арасынан «жол бойымен» еңбектей алады.<br>**2.Тақырыбы**:«Кім қайда тұрады?»<br>**Мақсаты:** Доғалар астынан еңбектеп өте алады.<br><br>**3.Тақырыбы:** «Биіктіктен біз қорықпаймыз»<br>**Мақсаты :** Бір орында оңға, солға секіре алады. | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:** «Ғажайып қоржын» (дидактикалық ойын )<br><br>**Мақсаты:** «Бұл не?», «Ол қандай?» сұрақтарына жауап беруге талпынады. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>«Шырша ағашы» (сурет, бейне-таспалар арқылы таныстыру)<br>**Мақсаты:**Заттарды белгілерінен таниды ,шырша ағашын басқа ағаштардан ажырата алады. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Шырша ойыншықтары»<br>**Мақсаты:**<br>Ермексазды алақан арасына салып домалақтап,жалпақтау тәсілі арқылы ойыншықтарды мүсіндей алады.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Жаңа жылдық хор» (А.Досмағамбетова)<br><br>**Мақсаты: к**өңілді әндерді айта білу дағдыларын қалыптастыру, бекіту<br><br>Ән тыңдау: «Ақшақар» (К.Қуатбаев, Қ. Ыдырысов)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын<br><br>«Көңілді шыршалар» |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**Ерте жас тобы 2022 жыл қаңтар айы**
**Өтпелі тақырып:«Табиғат әлемі»**

| **Апталық тақырып** | **«Денсаулық»-3** | **Қатынас-1**<br>Сөйлеуді дамыту-0,5<br>Көркем әдебиет -0,5 | **Таным- 1**<br>Сенсорика-0,5<br>Жаратылыстану-0.5 | **Шығармашылық- 2**<br>Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5<br>музыка – 1,0 |
|---|---|---|---|---|
| **«Айналамыздағы өсімдіктер»**<br>**1-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** «Таулармен, алқаптармен.»**Мақсаты:** Допты шағын төбешіктен домалата алады.<br><br>**2.Тақырыбы:**«Кедергілер алабы»<br>**Мақсаты:**Тәрбиешінің көмегімен гимнастикалық орындықтың үстінен жүре алады.<br><br>**3.Тақырыбы:**«Менің добым»<br>**Мақсаты:**Допты қос қолмен лақтыра алады. | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы**: Қысқы ағаш<br><br>**Мақсаты:** Сурет бойынша қыс мезгілі екенін біледі. Сөздерді қайталап айта алады. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**<br>«Құрғақ бассейн»<br>Мақсаты: Доптардың үлкен-кіші екенін ажырата алады.Түстерін тәрбиешімен бірге қайталайды.<br>**М.Монтессори технологиясы** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы: «**Гүл»<br>**Мақсаты:**Саусақпен сурет салу әдісімен қағаз бетін гүлдің суретін бояй алады.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Анам гүлдің бағбаны»<br><br>(А.Досмағамбетова, М.Әлімбай)<br><br>**Мақсаты: м**узыка ырғағымен жүре білу, әннің әуені мен сөздерін тыңдауға үйрету<br><br>Ән тыңдау: «Күшік пен көбелек» (Л.Хамиди, Ш.Мұхамеджанов)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын<br><br>«Қояндар биі»<br><br>(В.Питерцев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Жануарлар әлемі»<br>2-апта** | **Денешынықтыру**<br>**1.Тақырыбы**: «Қызықты аңдар»<br>**Мақсаты:**Текшелерден, (биіктігі 10, 15 см) аттап жүре алады.<br><br>**2.Тақырыбы:** «Тиінге көмектесеміз»<br>**Мақсаты:**Кегльдердің арасымен жүре алады.<br><br>**3.Тақырыбы**:«Қорбаңдаған аю»<br>Мақсаты:Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыра алады. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Бауырсақ» ертегісі (саусақ театры)<br>**Мақсаты:** Ертегіні тыңдайды.Ертегідегі жеңіл сөздерді (бауырсақ домалайды,қоян секіреді,қасқыр жүреді,аю қорбаңдайды т.б.) айта алады. | **Жаратылыстану**<br><br>**Тақырыбы:**<br>« Мысық »<br>**Мақсаты:** Үй жануары мысықты таниды басқа үй жануарларынан ажырата алады. | **Мүсіндеу**<br><br>**Тақырыбы:**<br>« Мысыққа арналған жіп»<br>**Мақсаты:**Ермексазды алақан арасына салып домалатуды біледі.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Анам гүлдің бағбаны»<br>(А.Досмағамбетова, М.Әлімбай)<br>**Мақсаты: м**узыка ырғағымен жүре білу, әннің әуені мен сөздерін тыңдап, айта білу дағдыларын қалыптастыру<br>Ән тыңдау: «Күшік пен көбелек» (Л.Хамиди, Ш.Мұхамеджанов)<br>Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын<br>«Қояндар биі»<br>(В.Питерцев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Құстар-біздің досымыз»**<br>**3-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** «Құстар»<br>**Мақсаыт.**Құстар сияқты қимыл жасайды,50 см биіктігі орындықтың астынан төрттағандап өте алады.<br><br>**2.Тақырыбы:**«Құстар тары шоқуда» ойын жаттығу<br>**Мақсаты:** Құстарша қанат қағып қолдарын екі жанға созып бөренелерден өте алады.<br>**3.Тақырыбы:**<br>«Қаңқ-қаңқ қаздарым<br>**Мақсаты:** Қатар қойылған екі жіптің арасынан төрттағандап еңбектей алады. | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** «Не қалай дыбыстайды?»(дидактикалық ойын)<br><br>**Мақсаты:** Аудио- бейне жазбалардан құстардың, аңдардың дыбыстарын тыңдайды,дыбыстарды қайталай алады. (шиқ-шиқ-балапан,шыр-шыр-торғай,қарқ-қарқ-қарға,ку-ка-реку-әтеш,қыт-қыт-тауық,) | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**<br>«Пішінін таңда»дидактикалық ойын<br>**Мақсаты:** біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыра алады.<br>**М.Монтессори технологиясы** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Құстарға жем береміз»<br>**Мақсаты:** Қағаз бетіне фломастерді пайдаланып дәннің суретін сала алады.<br><br>**Музыка**<br><br>**Тақырыбы:** «Торғай» (А.Досмағамбетова, Х.Талғаров)<br><br>**Мақсаты:** көңілді музыкаларды тыңдай білуге, естуге ынталандыру. Ән айту сезімдерін ояту<br><br>Ән тыңдау: «Бұл қай кезде болады?» (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов).<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Көңілді шыршалар» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Ғажайып қыс» 4-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** «Біз жүргізушіміз»**Мақсаты:** Домалаған доптың артынан еңбектей алады.<br><br>**2.Тақырыбы** «Біз келеміз,келеміз» **Мақсаты:**Таяқшалардан аттап жүре алады.<br><br>**3.Тақырыбы:**«Міне, біз қандай үлкенбіз» **Мақсаты:**Екі аяғымен бір орында тұрып секіре алады. | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:** «Аққала» өлеңі<br><br>**Мақсаты:** Өлеңді тыңдайды.Жеңіл (көзі қара, мұрыны сәбіз,ауызы-ағаш,телпегі-темір) сөздерді қайталап айта алады. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>«Айналамыз аппақ қар»<br>**Мақсаты:**<br>Табиғат құбылыстарын бақылайды (қар жауып тұр,дала мұздай,жылы,қар суық т.б.) сөздерін қайталап айта алады. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Аяз атаның сыйлығы» (кәмпиттер**)**<br>**Мақсаты:**Емексазды алақан арасына салып дөңгелек, сопақша пішіндерді мүсіндей алады. .<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Торғай» (А.Досмағамбетова, Х.Талғаров)<br><br>**Мақсаты:** көңілді музыкаларды тыңдап, есту дағдыларын қалыптастыру. Ән айту сезімдерін ояту<br><br>Ән тыңдау: «Бұл қай кезде болады?» (Б.Ерзакович, Ш.Ахметов).<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Көңілді шыршалар» |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**Ерте жас тобы 2022 жыл ақпан айы**
**Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»**

| **Апталық тақырып** | **«Денсаулық»-3** | **Қатынас -1**<br>Сөйлеуді дамыту-0,5<br>Көркем әдебиет -0,5 | **Таным- 1**<br>Сенсорика-0,5<br>Жаратылыстану-0.5 | **Шығармашылық- 2**<br>Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5<br>музыка – 1,0 |
|---|---|---|---|---|
| **«Ғажайыптар әлемі »(өлі табиғ құбылыстары)<br>1 апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:**«Күшік бізде қонақта»**Мақсаты:**Жоғары қойылған көлбеу тақтайдың үстінен еңбектей алады.<br><br>**2.Тақырыбы**: «Допты домалатамыз»<br>**Мақсаты.**Допты лақтырады, домалаған доптың артынан еңбектейді.<br><br>**3.Тақырыбы**: «Мен жүріп келемін»**Мақсаты** : Белгіленген бағытта жүреді.. Еденнен 12 см биік көтерілген жіптен аттап өте алады. | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** «Қар жауып тұр»<br><br>**Мақсаты:** (қар жауды,эппақ қар,жұмсақ қар,мұздай қар) тағы басқа екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айта алады, жеңіл сұрақтарға жауап береді. | **Сенсорика**<br><br>**Тақырыбы:**<br>«Сиқырлы құм»<br>**Мақсаты:**<br>Құммен жұмыс істеу дағдылары қалыптасқан.<br>**.М.Монтессори технологиясы** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жаңбыр тамшылары»<br>**Мақсаты:**<br>Қағаз бетіне жаңбыр тамшысын саусақ арқылы сала алады.Сурет салудың әдіс-тәсілдерін меңгерген.<br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Бип-бип машина»<br><br>**Мақсаты:**әнді тыңдау арқылы сәйкесінше қимылдармен көрсете білуге үйрету. Көтеріңкі көңіл күй сыйлау<br><br>Ән тыңдау: «Көліктер»<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Көңілді ырғақ» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Көліктер» 2- апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** «Міне, біз қандай үлкенбіз»<br>**Мақсаты:**Таяқшалардан аттап жүреді.<br><br>**2.Тақырыбы:** «Добым, добым,домалақ»<br>**Мақсаты:** Биіктігі 10-15 см жәшіктің үстінен секіре алады.<br><br>**3.Тақырыбы:**«Біз келеміз, келеміз...»**Мақсаты.**Гимнастикалық орындықтың үстімен жүре алады. | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы: «Пойыз» (**ойын жаттығу)<br><br>**Мақсаты:** Өлеңді тыңдап,қимыл-қозғалыс жасайды. Қайталап айта алады. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>«Көшедегі көліктер»<br>**Мақсаты:**<br>Суреттерде берілген көлік түрлерін ажырата алады. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>« Дөңгелектер»<br>**Мақсаты:**Алақан арасына салып дөңгелек,жалпақтау тәсілімен дөңгелекті мүсіндей алады.<br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Бип-бип машина»<br><br>**Мақсаты:**әнді тыңдау арқылы сәйкесінше қимылдармен көрсете білуге үйрету. Көтеріңкі көңіл күй сыйлау<br><br>Ән тыңдау: «Көліктер»<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Көңілді ырғақ» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Электроника» 3- апта | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:**«Біз жүргізушіміз»**Мақсаты**.Допты жоғары лақтырады, жолмен (ені30 см, ұзындығы 3,5 м) жүре алады.<br><br>**2.Тақырыбы:**«Менің досым»**Мақсаты:** Кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыра алады.<br><br>**3.Тақырыбы**:«Біз сияқты жаса» **Мақсаты** Допты бір біріне домалата біледі. | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** «Танып,ата»дидактикалық ойыны<br><br>**Мақсаты:** Екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді(мама үтіктеді, теледидар көрдім,тоңазытқышқа майды салды т.б.) қайталап айта алады. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**<br>«Бірдей пішінді тап»<br>**Мақсаты:** Бір сенсорлық белгіден (пішіні) бірдей заттарды топтастырады. «үлкен», «кішкентай», «осындай», «осындай емес» ұғымды түсінеді. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>« Үйдегі шам»<br>**Мақсаты:** Бояу жағылған саусақпен қағазға сурет сала алады.Негізгі түстерді қолдана біледі.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Көңілді күшігім» (А.Қайыржанқызы)<br><br>**Мақсаты:** балаларға әннің әуенін тыңдай отырып, ересектермен қосылып айта білуге үйрету<br><br>Ән тыңдау: «Мысық» (А.Досмағамбетова)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Сылдырмақтар биі» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Мамандықтың бәрі жақсы» **4-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** « Нысанаға лақтыр»**Мақсаты:**Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіре алады.<br><br>**2.Тақырыбы:**«Көңілді жүргізушілер»<br><br>**Мақсаты**:Еденде жатқан лентадан (арқаннан, таяқтан) аттап өте алады.<br><br>**3.Тақырыбы:**«Тура жолмен жүреміз»<br><br>**Мақсаты:**Жүрудің түрлі дағдылары қалыптасқан.Құрсаудан құрсауға өтеді. | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:** «Қонжықты емдейміз»дидактикалық ойыны<br><br>**Мақсаты:** Ойын әрекетіне қатысады. (қонжық ауырып қалды,төсекке жатқызу,дәрі ішкізу,укол салу,дене қызуын өлшеу) біледі. Шығарма кейіпкеріне жанашырлық таныта алады. | **Жаратылыстану**<br><br>**Тақырыбы:**<br>« Біздің аспазшы апайлар»<br>**Мақсаты:**<br>Аспазшының еңбегімен танысады.Басқа мамандық ішінен аспазшыны ажырата алады. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>«Тоқаштар»<br>**Мақсаты**: жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей алады.Ермексазбен жұмыс істеу дағдыларын біледі.<br>**Музыка**<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Көңілді күшігім» (А.Қайыржанқызы)<br><br>**Мақсаты:** әннің әуенін тыңдай отырып, ересектермен қосылып айтуға дағдыландыру<br><br>Ән тыңдау: «Мысық» (А.Досмағамбетова)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Сылдырмақтар биі» |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**Ерте жас тобы 2022 жыл наурыз айы**
**Өтпелі тақырып:«Салттар мен фольклор»**

| **Апталық тақырып** | **«Денсаулық»-3** | **Қатынас-1**<br>Сөйлеуді дамыту-0,5<br>Көркем әдебиет -0,5 | **Таным- 1**<br>Сенсорика-0,5<br>Жаратылыстану-0.5 | **Шығармашылық- 2**<br>Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5<br>музыка – 1,0 |
|---|---|---|---|---|
| **«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»<br>1-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** « Міне, қандай паровоз!»<br>**Мақсаты**: «Паровоз» сияқты бірінің артынан бірі тұрып түзу бағытта жүре алады.<br><br>**2.Тақырыбы:** «Көгілдір вагон»<br>**Мақсаты:**бір-бірінің артынан, шағын топпен жүре алады.<br><br>**3.Тақырыбы:** «Паровоз»<br><br>**Мақсаты:**Берілген бағыт бойынша заттардың арасымен жүре алады. | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** «Қуыршақты ұйықтатамыз»**«Әлди-әлди»** бесік жыры<br><br>**Мақсаты:** Әнді тыңдап қайталай алады. Жекелеген сөздерді дауыстап және әндетіп айту арқылы қимыл-әрекетті біледі. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**<br>«Үлкен,кіші орамалдар»<br>**Мақсаты:** Екі қажетті түс пен өлшемді , пішін мен түсті ажыратады. Топтастыра алады. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Жолақтағы нүктелер»<br>**Мақсаты:**Қағаз бетіне қарындаш арқылы нүктелер салуды біледі.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Ақ әжем» (Ж.Қалжанова)<br><br>**Мақсаты:** Ересектердің орындаған әндерін тыңдау және одан соң қайталауға үйрету<br><br>Ән тыңдау: «Ертегі» (Б.Жұмабекова)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Ертегілер елінде. Театр әлемі» 2-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** «Біз ер жүрек баламыз»**Мақсаты:**Берілген бағыт бойынша заттардың арасымен жүреді. Домалаған доптың артынан еңбектей алады.<br><br>**2.Тақырыбы: «Біз жүгіріп келеміз» Мақсаты:** параллель жатқан арқандардың арасынан (жол бойымен) еңбектей алады.<br><br>**3.Тақырыбы**: **«Кедергілер»Мақсаты:**Шағын саты бойымен жоғары төмен түсіп өрмелей алады. (биіктігі 1 м) | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:** ««Бауырсақ» орыс халық ертегісі.<br><br>**Мақсаты:** Ертегіні тыңдайды және эмоционалды көңіл күйін білдіре алады. Кейіпкерлердің атын қайталап айтады. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>«Түлкі-бізде қонақта»<br>**Мақсаты:** Түлкінің ерекшеліктерін, іс-қимылы, белгілері арқылы ажырата алады. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Бауырсақ»<br>**Мақсаты.**Тұзды қамырды алақан арасына салып домалату арқылы бауырсақ мүсіндей алады. Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін біледі.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Ақ әжем» (Ж.Қалжанова)<br><br>**Мақсаты:** Ересектердің орындаған әндерін тыңдап және одан соң қайталап айта білуге дағдыландыру<br><br>Ән тыңдау: «Ертегі» (Б.Жұмабекова)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Өнер көзі –халықта» 3-апта | **Денешынықтыру**<br>**1.Тақырыбы**: «Біз достармыз» **Мақсаты:**Заттардың арсынан,таяқшалардан секіріп өте алады.<br>**2.Тақырыбы:** Жұптасып жүреміз» **Мақсаты:**Бірінің артынан бірі жұптасып жүреді, тәрбиешінің нұсқауымен қимыл-қозғалыстарды қайталай алады.<br>**3. Тақырыбы :** «Сылдыр-сылдыр сылдырмақ»**Мақсаты:**Қос аяқпен секіру, бір-біріне доп домалата алады. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «**Менің әжем»Қадыр Мырза Әли<br>**Мақсаты:**Отбасы мүшесі ажені таниды. Өлең жолдарын мұқият тыңдайды ,қайталап айта алады. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**«Пирамиданы жинау»<br>**Мақсаты:**Пішіні ,түсі бойынша ерекшелейтін заттарды топтастыра алады.**М.Монтессори технологиясы** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**Әжемнің жіп шумақтары.<br>**Мақсаты:**Фломастерді қатты қыспай,қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп,сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп сурет сала алады.<br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Наурыз-біздің жаңа жыл» (Ж.Қалжанова)<br>**Мақсаты:** Әндегі жоғары және төмен дыбыстарды тыңдауды үйрету<br>Ән тыңдау: «Наурыз» (Б.Жұмабекова)<br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Шашақтармен би қимылдарын жасау» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Нұр төккен , гүл көктем»<br>4-апта | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** «Кубиктер»<br>**Мақсаты:**Кубиктердің арасымен белгі бойынша өте алады.<br><br>**2. Тақырыбы:** «Доппен жаттығулар»<br>**Мақсаты**:Допты қос қолмен ұстап шеңберге лақтыра алады.Шеңбер бойлап жүгіреді.<br><br>**3. Тақырыбы:** «Біз ұшқыштар»<br>**Мақсаты:**Нысанаға дейін еңбектейді.. Бір орында тұрып секіреді. | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:** «Көктем»<br><br>**Мақсаты:** Табиғат құбылыстарын атай біледі (жаңбыр жауады тырс-тырс, күн күркірейді тарс-тарс,жел уілдейді у-у-у) қайталап айта алады. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Балабақша ауласына саяхат.<br>**Мақсаты:**Балабақша ауласындағы ағаштарды бақылай алады.Табиғат құбылыстарын атайды. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** « Алма»<br>**Мақсаты:**Ермексазды алақан арасына салып алманы мүсідей алады. Мүсіндеудің әдіс тәсілдерін біледі.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Наурыз-біздің жаңа жыл» (Ж.Қалжанова)<br><br>**Мақсаты:** Әндегі жоғары және төмен дыбыстарды тыңдаудағдыларын қалыптастыру<br><br>Ән тыңдау: «Наурыз» (Б.Жұмабекова)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Шашақтармен би қимылдарын жасау» |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**Ерте жас тобы 2022 жыл сәуір айы**
**Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**

| **Апталық тақырып** | **«Денсаулық»-3** | **Қатынас-1**<br>Сөйлеуді дамыту-0,5<br>Көркем әдебиет -0,5 | **Таным- 1**<br>Сенсорика-0,5<br>Жаратылыстану-0.5 | **Шығармашылық- 2**<br>Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5<br>музыка – 1,0 |
|---|---|---|---|---|
| **«Аялайық, гүлдерді»**<br>**1-апта** | **Денешынықтыру**<br>**1.Тақырыбы :** «Құстар қанат қағады»<br>**Мақсаты:**Бір орыннан тұрып қос аяқпен «доптарша» секіреді, жаттығуларды орындайды.<br>**2.Тақырыбы:** «Ойыншықты әкел»<br>**Мақсаты:**Тәрбиеші берген нұсқау бойынша ойыншықты кедіргілер арасынан өтіп әкеледі.<br>**3. Тақырыбы:** «Алаңқайда ойнаймыз»<br>**Мақсаты:** Арқанның астынан төрт тағандап еңбектеп өтеді.Музыкаға сәйкес қимыл жасайды. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Топтағы гүлдер»<br>**Мақсаты**: Гүлдердің бөліктерін атайды ( жапырағы, күлтелері) екі үш сөзден тұратын сөйлемдерді қайталап айта алады.(гүлге су құю, жапырағын сүрту) | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:**«Аңдардың сүйікті асы» (дидактикалық ойын)<br>**Мақсаты:** Аңдарды таниды,ажыратады.Қыстырғышпен асын орналастыра алады. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** « Алма ағашы гүлдеді»<br>**Мақсаты**: Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы біледі. Алма ағашының гүлдерін саусақпен салады.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Саябаққа барамыз» (Ә.Қонысбеков, Ұ.Қонысбекова)<br>**Мақсаты**: би әуендерінің көңілді сипатының күрделі емес қимылдарын жасай білуге (аяқтан аяққа ауысу, өкшелерін соғу, қолдың буынын айналдыру, орнында тұрып айналу) үйрету<br>Ән тыңдау: «Көктем келді» (Б.Бисенова)<br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Ас атасы-нан»**<br>**2-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы**: «Құстар ұшып келді.»<br>**Мақсаты**:Құм салынған дорбашаны оң,сол қолымен еркін қалыпта алға (алысқа) лақтыра алады.<br>**2. Тақырыбы:** «Таза ауада ойын».<br>**Мақсаты:** Допты көлденеңнен нысанаға дәлдеп лақтыра алады.Музыка ырғағына сәйкес жүруді, жүгіруді біледі.<br><br>**3. Тақырыбы**: «Доппен жаттығулар»<br>**Мақсаты:**Заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүре алады. | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:** «Нан қиқымын шашпаңдар» Ө. Тұрманжанов<br><br>**Мақсаты:** Тақпақты тыңдайды,қайталап айтады. Наның қасиеті туралы мағлумат алады. | **Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** «Нан өнімдері»<br>**Мақсаты**: Суреттердегі заттарды таниды (бөлке нан,печенье,торт,тоқаш) қайталап айта алады. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** « Әжемнің шелпегі»<br>**Мақсаты:** Ермексаздан жалпақ,дөңгелек пішіндерді мүсіндей алады.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы**: «Саябаққа барамыз» (Ә.Қонысбеков, Ұ.Қонысбекова)<br><br>**Мақсаты: б**и әуендерінің көңілді сипатының күрделі емес қимылдарын жасай білу, (аяқтан аяққа ауысу, өкшелерін соғу, қолдың буынын айналдыру, орнында тұрып айналу) дағдыларын бекіту<br><br>Ән тыңдау: «Көктем келді» (Б.Бисенова)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»**<br>**3-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** «Саңырауқұлақ жина»<br>**Мақсаты:**Кегльдер арасымен жүреді. Паралеллель қойылған екі жіптің астынан саңырауқұлақ теруге еңбектеп барады.<br><br>**2. Тақырыбы:** «Мақпалмен көңілді саяхат»<br>**Мақсаты:**Гимнастикалық орындықтың бойымен еңбектей алады.<br><br>**3.Тақырыбы:«**Секір, шапалақта»<br>**Мақсаты:** Шағын топпен жүреді.Бір орында тұрып қос аяқпен өзін айнала секіре алады. | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** «Жәндікетер»(Бейнежазба арқылы көрсету)<br><br>**Мақсаты:** Бейнежазба арқылы жәндіктердіңқимылдарын, сыртқы белгілері, шығаратын дыбыстарын көріп, қайталайды(жу-жу, зу-зу, ызз-ызз, ыс-ыс). | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:** «Затты ұясына сал»<br>**Мақсаты:**Заттарды өлшемі немесе пішіні бойынша сәйкес ұяларға орналастыра отырып, салыстыруға арналған тапсырмаларды орындайды.<br><br>**М.Монтессори технологиясы** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Әсем көбелек»<br>**Мақсаты**: Көбелектер туралы мағлұмат алады. Құм себелеу арқылы көбелектің суретін сурет салады.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Көбелек »<br>(А.Досмағамбетова)<br><br>**Мақсаты:**ойын әрекеттерін музыкалық сүйемелдеумен орындауға үйрету. Ән айтуға қызығушылықтарын ояту<br><br>Ән тыңдау: «Төлдер»<br>(Б.Ғизатов, Ж.Өмірбеков)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Құлыншақ» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Еңбек-бәрін жеңбек» 4-апта | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** Гимнастикалық тақтай бойымен жүру»<br><br>**Мақсаты:** Гимнастикалық тақтай бойымен жүреді,еденде жатқан лентадан аттап өте алады.<br><br>**2.Тақырыбы:**«Шеңбер жасап жүгіру»<br><br>**Мақсаты**:Гимнастикалық тақтайдың бойымен еңбектейді.Қол ұстасып шеңберді айналып жүре алады.<br><br>**3.Тақырыбы: «**Доғалар»<br><br>**Мақсаты:** Доғаның астынан, ара қашықтығы 2метр жерге жыланша ирелеңдеп еңбектей алады. | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы:** «Аю мен қоян қонақта»**Мақсаты:** Аю мен қоянды ажырата алады.Аңдардың сүйікті астарын тауып, қимыл –қозғалыстарын сала біледі.<br><br>. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы**: «Бөлме гүлдерін күтіп-баптаймыз»<br>**Мақсаты:**Бөлме өсімдіктерінің аттарын біледі және күтім жасай алады. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы**« Қоянға сәбіз сыйлаймыз»<br>**Мақсаты**: Қоянның дене мүшелерін атай біледі,қоянның қимылын көрсетіп жасай алады. Ермексаздан сәбізді мүсіндей алады.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Көбелек »(А.Досмағамбетова)<br><br>**Мақсаты:**ойын әрекеттерін музыкалық сүйемелдеумен орындап, ән айту дағдыларын бекіту<br><br>Ән тыңдау: «Төлдер» (Б.Ғизатов, Ж.Өмірбеков)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: ойын «Құлыншақ» |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
**Ерте жас тобы 2022 жыл мамыр айы**
**Өтпелі тақырып «Жайдары жаз келді!»**

| **Апталық тақырып** | **«Денсаулық»-3** | **Қатынас-1**<br>Сөйлеуді дамыту-0,5<br>Көркем әдебиет -0,5 | **Таным- 1**<br>Сенсорика-0,5<br>Жаратылыстану-0.5 | **Шығармашылық- 2**<br>Сурет салу-0.5; Мүсіндеу-0,5<br>музыка – 1,0 |
|---|---|---|---|---|
| **«Сиқырлы түстер»**<br>**1-апта** | **Денешынықтыру**<br>**1.Тақырыбы:** «Доптар»<br>**Мақсаты:** Бір-біріне 1,5-2м қашықтықта тұрып допты домалатады.Бір қатар тізбекпен жылдам және баяу жүгіре алады.<br>**2.Тақырыбы:** . Доптармен ойнаймыз »<br>**Мақсаты**:Шағын төбешіктен допты домалатады.<br>**3.Тақырыбы:** «Құрсаудан еңбектеу»<br>**Мақсаты:**Шектелген алаң үстімен денені түзу ұстап,тепе-теңдікті сақтап жүреді. Қос аяқпен жеңіл секіре алады. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Киімдер<br>Мақсаты:Жыл мезгіліне сай киімдерді ажырта алады. Ұл мен қыздың киімін топтастыра алады. | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі – түсті шарлар»<br>**Мақсаты:** Пішіні мен түсі бойынша топтастыра біледі.Сенсомоторлық «көз-қол» үйлесімділігі қалыптасқан<br>**М.Монтессори технологиясы** | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы**: «Көңілді күн!» (топтық жұмыс)<br>**Мақсаты:**Сары түсті бояуға алақандарын салып, күннің суретін сала алады.<br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Топ-топ балақані» (К.Қуантбаев)<br>**Мақсаты**: ән айтып, музыкалық-ырғақты қимылдарды орындай білуге үйрету<br>Ән тыңдау: «Қызыл, жасыл көбелек» (А.Райымқұлова)<br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Ойыншықпен би» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Әрқашан күн сөнбесін!» 2-апта** | **Денешынықтыру**<br>**1.Тақырыбы**: Баяу және жылдам жүру»<br>**Мақсаты:**Шашырап жүгіреді Еденде жатқан лентадан аттап өте алады.<br>**2.Тақырыбы**: **«**Кім епті»<br>**Мақсаты:**Допты екі қолмен алға лақтыра алады.Белгі бойынша тоқтауды біледі.<br>**3.Тақырыбы:** Бір орында тұрып секіру»<br>**Мақсаты:** Бір аяқты екінші аяқпен кезектестіріп секіреді,арқаннан секіре алады. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Күн»С.Оспанов**Мақсаты**: Өлең шумағын қайталап айтады.(күн ұйықтайды, күн оянды, күн ашылды).Күн туралы түсінік алады. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Құрғақ - дымқыл құмдар»<br>**Мақсаты:**Құм туралы түсінік алады.Құрғақ дымқыл құмды ажырата алады. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**« Күлімдеген күн»<br>**Мақсаты:** Ермексазды алақан арсына салып дөңгелек пішін мүсіндей алады.Мүсіндеудің тәсілдерін біледі.<br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Топ-топ балақан» (К.Қуантбаев)<br>**Мақсаты**: ән айтып, музыкалық-ырғақты қимылдарды орындай білуге дағдыландыру<br>Ән тыңдау: «Қызыл, жасыл көбелек» (А.Райымқұлова)<br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Ойыншықпен би» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Көңілді жаз»**<br>**3-апта** | **Денешынықтыру**<br><br>**1.Тақырыбы:** «Біз саяхаттамыз»<br><br>**Мақсаты**.Жоғары қойылған көлбеу тақтайдың бойымен еңбектейді.Допты төменге лақтыра алады.<br><br>**2. Тақырыбы:** « Мерген бала»<br><br>**Мақсаты**.Тартылған лентадан допты асыра лақтырады ,допты бір-біріне домалата алады.<br><br>**3.Тақырыбы:** «Түрлі түсті шарлар әлемі».<br><br>**Мақсаты:** Шарды доғаның астынан домалата алады..(биіктігі 50 см). | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:** «Жайдарлы жаз келді»<br><br>**Мақсаты:** Жазғы табиғат өзгерістерін бақылай алады. Суретке қарап қысқаша әңгіме құрап айта алады. (шөп жасыл,көбелек ұшып жүр) | **Сенсорика**<br>**Тақырыбы**«Ұқсас заттарды тап»<br>**Мақсаты:**Заттарды пішіндер бойынша топтастыра алады. (шаршы,ұшбұрыш, сопақша). Пішінін түсін ажырата алады.<br>. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**«Жасыл шөп»<br>**Мақсаты:** Қағаз бетіне дәстүрден тыс сурет сала алады.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Алақай, жаз келді» (К. Қуатбаев)<br><br>**Мақсаты:** Әнді тыңдау, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдысын қалыптастыру, көңіл күй сезімдерін ояту<br><br>Ән тыңдау: «Қайсы екен?» (Б.Дәлденбай)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Жәндіктер оянды» 4-апта | **Денешынықтыру**<br><br>**1Тақырыбы:** «Абайлап жүрейік!».<br><br>**Мақсаты:**Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектей алады.<br><br>**2.Тақырыбы:** «Бұлаққа саяхат»<br><br>**Мақсаты:**Жіптің астынан(биіктігі 50 см) түзу бағытта төрттағандап еңбектей алады. Бір – бірінің артынан жүгіреді.<br><br>**3.Тақырыбы**: «Әтештер»<br><br>**Мақсаты:**Текшелерден (биіктігі 5-10 см) аттап жүреді.<br><br>Мақсаты: Шеңбер бойымен жүреді,жүгіре алады.Допты қақпа арқылы домалатуды біледі. | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тақырыбы: «**Құмырсқа» Н.Жанаев<br><br>**Мақсаты:**Тақпақтарды тыңдайды және түсінеді. Жеңіл сөздерді қайталап айтады. | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Еңбек сүйгіш құмырсқа»<br>**Мақсаты:** Балабақша ауласына саяхат жасайды.Құмырсқаның тіршілігін бақылайды. | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: Көбелек**<br>**Мақсаты:** Көбелек туралы біледі. Ермексазды пайдаланып көбелекті саусақпен созу арқылы мүсіндей алады.<br><br>**Музыка**<br>Тақырыбы: «Алақай, жаз келді» (К. Қуатбаев)<br><br>**Мақсаты:** Әнді тыңдап, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын бекіту, көңіл күйлерін көтеру<br><br>Ән тыңдау: «Қайсы екен?» (Б.Дәлденбай)<br><br>Музыкалық-ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі |